



Сыр бойы

№41 (20917) 20 наурыз, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде креативті индустрияны дамыту, мәдениет саласын цифрландыру мәселелері қаралды.

Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласы, аудан әкімдері мен жауапты сала басшыларына креативті индустрия субъектілерінің қатысуымен өткізілетін ірі шаралар, жана жобалар бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

Креативті индустрия субъектілеріне талдау жүргізіп, олардың санын арттыру, аудандардағы «Руханият орталықтарында» креативті хаб бұрыштарының жұмысын күшейту керек. Мемлекеттік архивтер мен мемлекеттік мекемелердің «Е-Архив» ақпараттық жүйесіндегі жұмысына ай сайын мониторинг жүргізіңіздер. Мекемелерге электрондық құжаттарды реттеп, архивке тапсыруға дайындау үшін әдістемелік, практикалық көмек көрсетіп, оқыту семинарларын өткізіңіздер, — деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ облыс әкімі жиында әскер қатарының толығы еліміздің қауіпсіздігі мен тыныштығының кепілі екенін атап өтіп, әскерге шақырылушылардың шақыру пункттеріне уақытылы және толық келуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Жоспардың орындалуы қатаң бақыланып, әскерге барудан жалтарып жүрген азаматтарды іздестіру, заңға сәйкес тиісті шара қабылдау керек, — деді облыс әкімі.

МӘЖІЛІС

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТЕРГЕ» ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ТОЛЫҚ ЖЕТКІЗІЛДІ



Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен мәжілісте «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасының іске асу барысы талқыланды. Мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев күн тәртібіндегі мәселелер бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Республикада алғашқылардың бірі болып, 2024 жылдың қазан айында Қызылорда қаласында 900 орындық мектеп ел игілігіне табысталды. Жыл басында Қызылорда қаласында, Жанақорған және Арал аудандарында 4 мектеп пайдалануға берілді.

Жақын күндері, Наурыз мейрамы қарсаңында Қазалы ауданы Жанқожа батыр ауылындағы 300 орындық мектеп ашылады. Қалған 4 мектептің құрылысына келсек, Қызылорда қаласы «Арай» шағын ауданындағы 1500 орындық мектептегі жұмыс 53 пайызға, «СПМК-70» шағын ауданындағы 1500 орындық мектепте 35 пайызға, «Қызылжарма» ауылындағы 600 орындық мектепте 62 пайызға, Арал ауданы Сексеуіл кентіндегі 300 орындық мектепте 60 пайызға орындалған.

Жайлы мектептер жаңа оқу жылына дейін табысталады, — деді Нұрлыбек Машбекулы.

Өңірде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен 2023 жылы 6 900 орындық 10 мектептің құрылысы басталған болатын. Өткен жылға жоспарланған 21 млрд 300 млн теңге толық игерілді. Қызылорда облысының әкімдігі инфрақұрылым жеткізу үшін жергілікті бюджеттен бөлінген 118,4 млн теңгеге жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, сараптамааның он қорытындысы алынды. Жергілікті бюджеттен 1 млрд 700 млн теңге қаржы бөлініп, қазіргі таңда 10 мектепке инфрақұрылым толық жеткізілді. Мектептердің іргелес аумақтарын абаттандыру, жол салу үшін 2 млрд 80 млн

теңге қаржы қаралды. Мердігерлер анықталып, жұмыс жүргізілуде.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасының өңірлік жоспары бекітіліп, кешенді жұмыс жүргізілуде.

Аймақта 17 көпқабатты тұрғын үй ауласы, 7 балалар ойын алаңы жөндеуден өткізілді, 14 спорт және ойын алаңы салынды. Демеушілер есебінен 63 көпқабатты тұрғын үй мен 2 әлеуметтік нысанның қасбеті заманауи үлгіде әрленуде.

Облыс орталығынан бастап барлық елді мекендегі мекеме ғимараттары, аулалар, ойын алаңдары, аялдамалар, жарық бағаналары бірыңғай архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді.

Өңірде жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізілуде. Соңғы екі жылда үздік атанған елді мекендерге 48 арнайы техника табысталды. Биыл осы бағытқа 564 млн теңге бөлініп, жеңімпаздарға 19 коммуналдық техника берілмек.

«СБ» ақпарат

ЖАРИЯ ТЫНДАУ

ГАЗ БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАЙ МА?

«QazaqGaz Aймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалында алдағы уақытта тауарлық газды бөлшек саудада өткізу қызметіне бағаның өсуіне қатысты жария тындау өтті. Оған ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыс бойынша департаментінің мамандары, облыстық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері және өзге де жауапты мекеме мамандары қатысты.

2-бет

БРИФИНГ

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАЛАРЫ КӨБЕЙЕДІ

Өткен шілдеден бері Қызылорда қаласында пилоттық режимде «Сергек» жобасы аясында 100 бейнебақылау камерасы, стационарлық жылдамдық өлшейтін 10 қондырғы орнатылды. Соның арқасында жол-қозғалыс ережесін бұзудың 5241 дерегі анықталып, 66 млн теңгеге жуық айыппұл салынды.

Облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Сәбит Ибадулланың айтуынша, қазіргі күні облыс орталығында 272 бейнебақылау камерасы бар. Жыл соңына дейін оның санын 1400-ге жеткізу жоспарлануда.

Бейнебақылау камералары қоғамдық орындарда қауіпсіздікті сақтауға, қылмыстың алдын алуға септігін тигізіп отыр. Сонымен қатар әкімшілік құқықбұзушылықты анықтау бағытында жұмыс атқарылады. Жыл басынан бері камералардың көмегімен осындай 7813 әрекет, 30 қылмыс анықталды. Жылдамдық өлшегіш құрылғылары арқылы 3368 құқықбұзушылық анықталып, 45 млн теңгеден астам айыппұл салынды, — деді ол.

Сондай-ақ қала және аудандық полиция бөліністеріне «ЖБО 2.0» бағдарламасы орнатылып, 102 нөміріне түсетін өтініштерді қабылдау және өңдеу процесі автоматтандырылды. Биыл 24 наурыздан бастап Қызылорда қаласындағы жедел басқару орталығының бейнебақылау камералары мен жұмыс орындары жанартылмақ.

Департамент бастығының орынбасары қоғамдық тәртіпті сақтау саласына жасанды интеллект қолдану арқылы цифрлы бағытында жұмыс атқарылады. Жыл басынан бері камералардың көмегімен осындай 7813 әрекет, 30 қылмыс анықталды. Жылдамдық өлшегіш құрылғылары арқылы 3368 құқықбұзушылық анықталып, 45 млн теңгеден астам айыппұл салынды, — деді ол.

Сондай-ақ қала және аудандық полиция бөліністеріне «ЖБО 2.0» бағдарламасы орнатылып, 102 нөміріне түсетін өтініштерді қабылдау және өңдеу процесі автоматтандырылды. Биыл 24 наурыздан бастап Қызылорда қаласындағы жедел басқару орталығының бейнебақылау камералары мен жұмыс орындары жанартылмақ.

Департамент бастығының орынбасары қоғамдық тәртіпті сақтау саласына жасанды интеллект қолдану арқылы цифрлы бағытында жұмыс атқарылады. Жыл басынан бері камералардың көмегімен осындай 7813 әрекет, 30 қылмыс анықталды. Жылдамдық өлшегіш құрылғылары арқылы 3368 құқықбұзушылық анықталып, 45 млн теңгеден астам айыппұл салынды, — деді ол.

2-бет

Наурыз

НАУРЫЗДЫ МҮРЕКЕГЕ АЙНАЛДЫРҒАН ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР

Наурыздың этимологиясына үңілсек, түбіне жетпейсіз. Қашан, қайдан, қалай шыққанын сан-саққа жүгіртуге болады. Ұлы күні қарсаңында өлкетанушы Жұмабай Байзақпен сұхбатымызда соның кейбіріне тоқталып, Наурыздың бұрын және қазір тойлануы жөнінде де әңгіме өрбіттік.

— Наурыздың тарихы туралы түрлі сарында дерек, мыңдаған аңыз-әңсана бар. Соның қайсысы көңіліңізге қонаяды?

— Алматы облысының солтүстік батысындағы Аңырақай тауында осыдан бес мың жыл бұрын таңбалы тасқа қашалып салынған бейне бар. Таңбалы тастан күн мен түннің тенеуін, күн құдайын, жылдың төрт мезгілін бейнелейтін төрт жануарды көруге болады. Оның айналасын жыл он екі ай сипатындағы адамдар қоршап тұр. Бұл — түркі жұрты жана жылды осыдан бес мың жыл бұрын күн мен түн тенеулер тұста тойлай бастады деген сөз.

4-бет

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚАЛАЛЫҚ ПАРК: ҒАСЫРЛЫҚ ЖЫЛДА ҒАЛАМАТ КЕЙІПКЕ ЕНБЕК

Биыл қалалық мәдени және демалыс саябағы толық жөндеуден өтуде. Жауапты — «BiGloбал» ЖШС. Ондағы құрылыс жұмыстары туралы мекеме мастеры Куаныш Назаровтан білген едік.

Өткен жылы облыс әкімінің тапсырмасына сай қалалық саябақтар, демалыс орындары сынды мәдени ошақтар күрделі жөндеуден өтіп, қайта жаңғыртылатыны айтылған еді.

«Қаламызда халық демалатын, әсіресе жаздың аптабында саялайтын орын аз. Сондықтан каникул кезінде,

кешкісін тұрғындар балаларын ертіп баратын, алаңсыз демалатын, үлкен-кішіге бірдей ыңғайлы, қауіпсіз саябақтар, парктар көп әрі қолжетімді болуы керек», деген болатын облыс әкімі.

Аймақ басшысы атап өткендей, жана парк немесе демалыс орын салудың қажеті жоқ,

қолдағы барымызды көгалдандырып, тазалап, абаттандырған өте тиімді. Жаңа аттракциондар, ойын алаңдарын, субұрқақтар салу саябақтарды көріктендіреді.

2-бет



Фото: Нұрболан Нұрмұхан

/// МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕСІ

МЕРЕКЕДЕ МЕРЕЙІ АСҚАН



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиында еліміздің дамуына елеулі еңбек сіңірген қыз-келіншектерге мемлекеттік награда табыстағанынан оқырман хабардар. Олардың арасында облыстық қоғамдық даму басқармасына қарасты тілдерді оқыту орталығы ғылыми-әдістемелік бөлімінің басшысы Алтынай Орынбаева «Шапағат» медалімен марапатталған болатын.

Елорда төрінен оралған Алтынайға хабарласып, құттықтадық. – Биылғы көктем мен үшін ерекше сүйіншісімен келді. Иә, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан Ақорда төрінде «Шапағат» медалін алу бұйырды. Бұл – өзім қызмет ететін жұмысымның оң нәтижесі, тәтті жемісі. Мемлекеттік тілді дамыту – ұлт болашағына салынған инвестиция. Осы жолда еңбек етіп жүрген мамандардың, оның ішінде үздік оқытушылардың еңбегін бағалап, оларға қолдау көрсету – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі. Президенттің тіл саясатына қатысты ұстанымы, қазақ тілінің ұлт бірлігінің факторы ретіндегі рөліне басымдық беруі сала мамандарына зор сенім мен жауапкершілік жүктейді. Сондай-ақ бұл марапат жас буынның жұмысын алға қарай дамытуына үлкен серпін береді және әр істе табандылық көрсетуге жетелейді, – дейді марапат иесі. Білім беру мен мемлекеттік тілді дамыту ісіне айрықша үлес қосып жүрген Алтынай Орынбаева Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы факультетін филолог мамандығы бойынша бітірген. Филология ғылымдарының магистрі. Еңбек жолын өзі бітірген оқу орнында радио жаңалықтарының жүргізушісінен бастаған. Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінің жоғары колледжінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы, облыстық тілдерді оқыту орталығының оқытушысы, ал 2023 жылдан осы орталықтың ғылыми-әдістемелік бөлімінің басшысы қызметін атқарып келеді. «Этнос өкілдеріне мемлекеттік және ана тілдерін үйрету: Әдіс. Тәжірибе» атты жинаққа авторлық сабақтары, «Intelligence.kz» республикалық ақпараттық, ғылыми-педагогикалық журналына «Тобық Жармағамбетов шығармаларының көркемдік ерекшелігі» атты мақаласы жарияланған. Сондай-ақ ол электронды оқулықтың авторлық құқық иегері. Мұғалімдер арасында өткен «Үздік жас маман-2022» байқауынан жүздеді І орын, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы республикалық «Үздік оқытушы-2022» байқауының бас жүлде иегері. Жерлесімізді марапатымен құттықтай отырып, қызметіне табыс, отбасына амандық, еңбегіне жеміс тілейміз!

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ҚАЛАЛЫҚ ПАРК: ҒАСЫРЛЫҚ ЖЫЛДА ҒАЛАМАТ КЕЙІПКЕ ЕНБЕК

«Алысқа бармай-ақ, орталық алаңды мысалға келтірейік. Аз уақытта қала тұрғындары бас қосатын, демалатын жайлы мекенге айналып үлгерді. Қазан айынан бастап жұмысты қолға алыңыздар. Келесі жылдың 1 мамырына дейін қаладағы барлық демалыс орындары, атап айтқанда орталық парк, Қорқыт ата, Б.Шөкенов, Тұңғыш Президент атындағы, «Теміржол» саябақтары жұртшылыққа қолайлы етіп қайта жасалуы керек. Балалар ойын алаңдары, аттракциондар қойылып, тозығы жетіп тұрған тұстары жанартылуы, жарықтандырылуы тиіс. Аттракциондардың басым бөлігін тұрғындарға қолжетімді, яғни тегін етсе, кейбірі ақылы қызмет көрсетеді. Көптеген отбасының ірі сауда орталықтарындағы ойын алаңдарына балаларын апаруға мүмкіндігі жоқ. Сол себепті демалыс орындары қаланың әр аумағында болуы керек» деп толықтырды облыс әкімі. Жалпы, қалалық парк аумағы 6 гектарды құрайды. Мұнда биыл жаңадан 20 аттракцион қойылады. Аттракционды Қытайдан алдыруда, қазір жолда. Сонымен қатар парк аумағына 20 мың шаршы метр брусчатка төселеді. Жолы велосипед пен жүргіншілерге лайықталып жасалады. Бастысы, ашық аспан астында амфитеатр болады. Онда 200 метр орындық 4 қатардан қойылады, сыйымдылығы 300 адамға шақталған. Паркте 8 субұрқақ орнатылады. Оның екеуі субұрқақтар жиынтығынан тұрады. Аттракциондардың ішінде ең ерекшесі – телекомпат, шолу дөңгелегі (колесо обозрения), пират, карусельдер. Бұрын қалада балаларға арналған бетонды скейтпарк алаңы жоқ болса, енді паркте 1-бет

салынады. Ойын алаңы, автожол және спорттық жаттығуларға арналған орын, шағын футбол алаңы, қысқасы балаларға барлық мүмкіндік қарастырылады. Демалушыларға арналған орындықтар да көптеп қойылады. Қазіргі кезде парктің жана кейіпке енуіне 100-ден аса жұмысшы, 15 техника жұмылдырылған. – Жұмыс қызу жүріп жатыр. Бұрынғы келбеті толық өзгертіледі. Көріп тұрғаныңыздай, бәрін сүріп тастадық. Енді қала тұрғындары, қонақтары мен



балаларға заман талабына сай демалыс парк қызмет көрсететін болады. Мұнда тек ескерткішті қалдырдық. Бірақ

айналасы түгелдей қайта жаңғыртылады. Жаңа плиталар төселеді, – дейді Қуаныш Назаров. Тағы да айта кетерлігі, парктің алдыңғы бөлігінде орналасқан кіреберіс қақпасы да алынып тасталады. Орнына жаңа қақпа бой көтереді. Сонымен қатар жапон стилінде саябақ ашылады. Оның ерекшелігі көпір және сәнді қақпада.



Сонымен қатар 10 түрлі 30 мың түп гүл егіледі. Тамақтану орындары да жаңадан ашылады. Бұрын мұнда ескірген, талапқа сай емес шағын кафелер болатын. Бәрін де алып тастадық. Енді заман талабына сай, тамақтануға арналған орындар ашылады. Нақты айтар болсақ, 10 дүңгіршек пен 2 кафе салып, кәсіпкерлерге ұсынамыз. Сонымен қатар құрылысқа қажетті материалдардың 90 пайызы жергілікті кәсіпкерлердің өнімі. Бұл дегеніміз – бәсекеге қабілеттілік күшейіп келеді деген сөз, – дейді ол. Құрылыста уақыт пен сапа қатаң бақылады.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

ГАЗ БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАЙ МА?

Жария тыңдауда өндірістік филиал директоры Айбек Ергали қызмет бағасының өсуіне қатысты мән-жайды баяндап берді. Оның айтуынша, кейінгі кезде облыста тұрғын үй құрылысы мен елді мекендерді газдандыру көрсеткіші артып келеді. Осының нәтижесінде тұрғындардың «көгілдір отынды» пайдалану ауқымы кеңейе түсті. Мәселен, 2020 жылмен салыстырғанда ол былтыр 22,5 пайызға ұлғайды. Атап айтқанда, төрт жылдың ішінде 34 елді мекен газға қосылған. Бүгінде өңірде абонент саны 144 мыңнан асады. Қазір тауарлық газды бөлшек саудада өткізу 1-бет

қызметінің бағасы 20 теңгені құраса, оны тағы да 2,9 теңгеге қымбаттатуға өтінім берілді. Бұл жөнінде нақты шешімді Табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыс бойынша департаменті қабылдайды. Сондай-ақ мекеме қызметкерлері мен мамандарының жалақысы бірнеше жылдан бері көтерілген жоқ. Оған қоса өзге де шығындар бар. Жария тыңдауда облыстық мәслихат депутаты Жорабек Нұрымбетов, қоғам белсенділері Болат Нұрқожаев, Серік Теңізбаев тақырыпқа байланысты ой-пікір білдірді.

«СБ» ақпарат

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАЛАРЫ КӨБЕЙЕДІ

– Бұл бет-алпеті, белгілері арқылы іздеуде жүрген адамдарды табуға, табылған орнына қарай іздеу маршрутын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар криминалды көлік құралдарын номері, моделі, маркасы және түсі арқылы таба аламыз. Жылдамдықты белгіленген шектен асырған жүргізушілерді, жаяу жүргінші жолындағы құқықбұзушылықтарды, дұрыс емес және рұқсат етілмеген жердегі тұрақты

онай табамыз. Адамдар немесе көлік көп шоғырланатын объектілерді анықтап, ішкі істер органдарына автоматты түрде хабарлама береді, – деді Сәбит Ибадулла. Бүгінде елімізде жасанды интеллект функциясымен қамтылған 12 500 бейнебақылау камерасы бар.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУДЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ІІ-ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КЕСТЕСІ

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлы	Облыс әкімі	Әр айдың 4-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жаналинов Данияр Ергеналиұлы <i>(жетекшілік ететін салалары: облыстық экономика және қаржы, мемлекеттік сатып алу, бақылау, денсаулық сақтау, жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар)</i>	Облыс әкімінің бірінші орынбасары	Әр айдың 2-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жаханов Бахыт Дүйсенұлы <i>(жетекшілік ететін салалары: облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, ветеринария, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жөлаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармалары)</i>	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Зебешев Арпақ Темірханұлы <i>(жетекшілік ететін салалары: облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы және «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы)</i>	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 2-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Нұртай Қайрат Ырзақұллы <i>(Байқоңыр қаласының әкімшілігі, Төретам кенті және Ақай ауылдық округі әкімінің аппараты арасында өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру, Төретам және Ақай елді мекендерін дамыту мәселелері)</i>	Облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі	Әр айдың 1-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Байманов Шахмарлан Асқарұлы <i>(жетекшілік ететін салалары: облыстық қоғамдық даму, мәдениет, архитер және құжаттама, өін істері, білім, денсаулықтыру, спорт және туризм басқармалары)</i>	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Мұхамедияров Әбілхан Мерекеұлы <i>(жетекшілік ететін салалары: облыс әкімінің аппараты және жұмылдыру дайындығы басқармасы). Сонымен қатар, облыстың құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздікті және тәртіпті сақтау жұмыстарын үйлестіреі</i>	Облыс әкімі аппаратының басшысы	Әр айдың 3-ші жұмасы	Белгіленген уақытта

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Бейбарыс сұлтан көшесі №1, 1-қабат, №139 бөлме. Анықтама телефоны: 40-11-91 (7046).

Қызылорда облысы әкімінің аппараты

«ЕҢБЕК ЖОЛЫ» КОНКУРСЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

«Еңбек жолы» конкурсын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Еңбек жолы» конкурсын 2025 жылы өткізу туралы хабарлайды.

«Еңбек жолы» конкурсы жастарды еңбекті құрметтеу рухында тәрбиелеу, еңбек дәстүрлерін сақтау, көбейту мақсатында және үздік еңбек әулеттері мен өндірістің қарапайым жұмысшыларын айқындауға мүмкіндік береді.

Конкурс «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» ұранымен еңбек адамының қоғамдағы беделін арттыруға және өнімді еңбекті ынталандыруға ықпал етеді.

Конкурсқа құжаттар 2025 жылдың 1 шілдесіне дейін қабылданады.

Конкурс өткізу мақсаттары:

- 1) ұрпақтар сабақтастығын сақтау;
- 2) еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және жана еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жасау;
- 3) қазақстандықтарда Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;
- 4) жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу;
- 5) «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» аясында еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыру және еңбек өнімділігін ынталандыру.

Конкурс жыл сайын 2 (екі) кезеңде өткізіледі: өңірлік және республикалық.

Конкурсқа мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, салаға қарамастан кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар негізінде конкурс жеңімпаздарын анықтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялар мынадай номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

1) Үздік еңбек әулеті.

Бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.

Еңбек әулеті – бір отбасының жақын туыстарының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және осы кәсіпорында жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл болатын бір ұйымның жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған еңбек әулетінің өкілі әулеттің басшысы болып танылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс;

2) Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері.

Бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады.

3) Өндірістің үздік жас маманы.

Бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбеккор өндіріс қарапайым жұмыскері таңдалады;

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

Конкурсқа қатысушылар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына екі данада қағаз және электрондық жеткізгіштерде келесі материалдарды ұсынады:

1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтінішті;

2) жеке куәліктің көшірмесін;

3) номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан артық бейнероликті (жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);

4) конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хоббиі және т.б.) 1 минуттан аспайтын компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);

5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландырған еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері (жұмыс орнынан анықтама);

6) жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсыным хат.

Бар болған жағдайда (келесі құжаттардың көшірмелері): мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері біліктілікті арттыру туралы сертификаттар (бар болса).

Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Конкурс өткізу мерзімдері: 1 шілдеге дейінгі мерзімде өңірлік деңгейде үміткерлерден материалдар мен өтінімдерді қабылдау;

1 тамызға дейінгі мерзімде «Еңбек жолы» республикалық байқауының облыстық комиссиясы өңірлік деңгейдегі жеңімпаздарды анықтайды;

қыркүйекте өңірлік еңбек форумдарында жеңімпаздарды марапаттау;

10 тамызға дейін «Еңбек жолы» байқауының өңірлік деңгейінен жеңімпаздардың материалдарын ҚР ЕХӨҚМ-не әрі қарай республикалық деңгейде қатысу үшін ұсыну;

1-15 қыркүйек мерзіміне республикалық комиссиясының «Еңбек жолы» республикалық байқау деңгейінің жеңімпаздарын анықтайды;

қазан айында «Еңбек жолы» конкурсының жеңімпаздарын «Жалпыға ортақ еңбек қоғамына» республикалық форумда марапаттау.

Нақты ақпарат пен кеңесті келесі мекен-жайдан алуға болады:

Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 47 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 212-қаб., тел.: 26-38-20 немесе тұрғылықты жеріңіз бойынша аудандық және Қызылорда қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері.

Еңбек әулеттерінің өкілдерін, сондай-ақ ынталы жас қызметкерлерді олардың тәлімгерлерін конкурсқа белсенді түрде қатысуға шақырамыз!

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУДЫҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КЕСТЕСІ

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Мүбәраков Қамбарбек Амангелдіұлы	Басқарма басшысы	Апта сайын сәрсенбі күні	16:00-ден 18:00-ге дейін
Бекжанова Жанар Ансатқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Апта сайын сейсенбі күні	16:00-ден 18:00-ге дейін
Баймаханов Дастан Бахытұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Апта сайын бейсенбі күні	16:00-ден 18:00-ге дейін
Аббасова Фарида Әубәкірқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Апта сайын жұма күні	11:00-ден 13:00-ге дейін

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекенжай бойынша жүргізіледі:

Қызылорда қаласы Бейбарыс сұлтан көшесі, №1 Анықтама телефоны: 40-11-91 (54-26)

